

С.Ж. Асфендияров  
атындағы  
Қазақ Ұлттық Медицина  
Университеті



Казахский  
Национальный  
Медицинский  
Университет имени  
С.Д. Асфендиярова

# СРС

Тақырып: Қалқанша безі. Жемсау ауруы


Қабылдаған: Нартаева А  
Орындаған: Жамалбек. А  
Тобы: СТОМ14-004-2  
Курс: 3

Алматы 2016

# Мақсаты

Қалқанша бездің жұмысын, оның адам организмінде атқаратын ролін, қалқанша бездің өзгеруінен болатын эндемиялық зоб(жергілікті жемсау) ауруының таралуы мен пайда болу себептерін зерттеу.

## Щитовидная железа



**Қалқанша без** (*glandula thyroidea*, лат. *glandula* - без, гр. *thyreos* — қалқан) - шеткі ішкі секреция безі. Адам ағзасындағы қалқан безінің салмағы 25-35г. Ол мойынның алдыңғы жағында кеңірдектің екі жағын алып жатады. Қалқан безін қолмен басу арқылы оның көлемін, қаттылығын, қозғалысын анықтауға болады. Без кішкене ғана үлкейген болса да, тіпті ауру түкірігін жұтқан кезде көрінеді, қолмен басқанда білінеді.

Расында да бұл без организмді оған қауіп төндіретін әртүрлі сыртқы «жаулардан» қырағылықпен қорғап тұрады. Егер де осы «қалқанның» бір жері шытынап тесілер болса, онда адамның бүкіл ағзасына қауіп төнді дей берініз

Қалқанша безден бөлінетін гормондар жетіспесе, адам микседема (грекше «туха» - шырыш және «oidema» - ісіну) ауруына шалдығады.

*Аурудың белгілері:*

- 1) ағзада зат алмасу 30-40%-ға дейін бәсеңдейді, әсіресе нәруыз алмасуы бұзылады;
- 2) терінің астына су жиналады, тері құрғап, дене ісінеді;
- 3) дене температурасы төмендейді;
- 4) жүрек соғысы баяулайды;
- 5) қозғалысы бәсеңдеп, ойлау қабілеті нашарлайды; шашы түсіп, сирейді.

Ауруды тироксин гормонымен емдейді. Тироксин гормонының синтезделуі ағзада йодтың болуына байланысты. Адам йодты, йодты калий, йодты натрий түрінде тағаммен қабылдайды. Адам денесінде 30-50 мг йод болса, соның, шамамен 15 мг қалқанша безде кездеседі.

Егер ішетін су мен тағамда йод жетіспесе, адам іспебұғақ (эндемиялық зоб) ауруымен ауырады (18, ә-сурет). Мұндай ауру әсіресе топырақ пен судың құрамында йодтың аз болуынан пайда болады. Тәулігіне адамның қабылдайтын йод мөлшері 0,15-0,20 мг болуы керек.

Аурудың белгісі. Қалқанша бездің ұлпалары өсіп, ұлғайып, салмағы 1 кг-ға дейін жетеді, сон-дыктан оны алкым ісуі дейді. Бұл ауруды емдеу және болдырмау үшін ас тұзына йод (100 кг ас тұзына 2,5 г йодты калий тұзы) қосады. Балабақша мен мектептерде балаларға дәрі береді. Дәрінің бір түйірінің құрамында 1 мг йодты калий бар.

Қалқанша безден гормон көп бөлінсе, денеде зат алмасу күшейеді; жүрек соғуы жиілейді; қан қысымы көтеріліп, жүйке жүйесінің қозуы артады; тамақты көп ішкенмен салмақ қоспай, керісінше арықтайды. Тез ашуланады және терлегіш болады. Көздері бадырайып, шарасынана алға қарай шығып тұрады. Мұндай ауруды бадырақ көз немесе *базедов ауруы* дейді. Бұл ауруды неміс дәрігері К. А. Базедов сипаттап жазған.

Ауруды емдеп жазу үшін қалқанша бездің кішкене бөлігін кесіп алып тастайды. Жеке жасушаларын жою үшін рентген сәулесімен де емдейді


Тироксин — гормонның түзілуі мен бөлінуін гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлшетін гормондар реттейді. Қанда тироксиннің концентрациясы қалыпты деңгейде болтан кезде, гипофизден бөлінетін гормонның мөлшері азаяды. Бұл тироксиннің қалыпты деңгейде болуына көмектеседі.

Зобтың бір атауы-«жемсау». Зоб ауруы қалқанша безінің ұлғаюынан пайда болады. Қалқанша безі адамдарда кеңірсіктің алдыңғы қабатында орналасқан. Қалқанша безінің ұлғаюы мойының жуандауына әкеледі. Зоб ауруына шалдыққан кезде, қалқанша безінің қызметі бұзылып, қалқанша безінің гормондары не аз, не көп мөлшерде бөлінеді. Бұл ауру тек шығармашылық адамдарда ғана емес, барлық кәсіп иелерінде болады. Оның себебі, тұқымқуалаушылық, инфекциялар, психикалық жарақаттар, ағзаның әлсіреуі, шаршау, депрессия, орталық жүйке жүйелерінің, жыныс бездерінің дұрыс қызмет істемеуінен болады



*Зобты қалайша алдын алып  
емдеп жазуға және  
кретинизмді қайтіп  
болдырмауға болады:*

*Зоб ауруы көп тараған аймақта тұратын  
адамдардың барлығы ішіп-жемінде йодталған  
тұзды қолданулары қажет. Бұл зобтан алдын-  
ала сақтандырғыш әрі оны емдеп жазатын  
дәрмек те болып табылады (қатайып,  
беріштеніп кеткен жемсауды тек қана  
хирургиялық жолмен алып тастауға болады,  
бірақ мұның қажеттілігі жоқ).*



## Қалқанша безінің ұлғаю дәрежесі:

**0 – дәрежелі ұлғаюы – қалқан безін қолмен сипап қарағанда болар-болмас қана білінеді, әйтпесе тіпті білінбейді.**

**1 – дәрежелі қалқан безі – әсіресе алдыңғы жіңішке жағынан, қолға анық білініп тұрады.**

**2 – дәрежелі – қалқан безі қолға жақсы білінеді, жай қарағанда да байқалып тұрады, әсіресе, жұтынған кезде немесе тамақ жегенде.**

**3 – дәрежелі – қалқан безі жұтынбаса да, айқын көрініп тұрады, бұл кезде адам «жуан мойын» бола бастайды.**

**4 – дәрежелі – мойынның сырт келбеті өзгереді, бұғақтық ұра қашықтан көрінеді.**

**5 – дәрежелі – қалқан без өте үлкен болып өседі және көбінесе буылтық-буылтық болып көрініп тұрады**



## Аурудың белгілері:

- 1) ағзада зат алмасу 30-40%-ға дейін бәсеңдейді, әсіресе нәруыз алмасуы бұзылады;
- 2) терінің астына су жиналады, тері құрғап, дене ісінеді;
- 3) дене температурасы төмендейді;
- 4) жүрек соғысы баяулайды;
- 5) қозғалысы бәсеңдеп, ойлау қабілеті нашарлайды; шашы түсіп, сирейді.



# Аурудан сақтану жолдары:

1. Жалпы денсаулық сақтау жұмыстарын жүргізу;
2. Адам ағзасына қажетті йод мөлшерін азайтпау керек (ас тұзын, нанды, тағамды йодтандыру арқылы аурудың алдын алу).
3. Эндемиялық жемсау науқасын дәрі-дәрмекпен және хирургиялық жолдармен емдеу.

## **Жергілікті жемсаудың йодпен алдын алу шаралары және жергілікті жемсаудан сақтану жолдары**

**Жергілікті жемсауды алдын алуда йодтың маңызы өте зор. Бұл әдіс ауру таралған барлық жерлерде үздіксіз жүргізіліп отыру керек.**

**Йодпен алдын алудың нәтижесінде организмге керекті йод бірте-бірте қосылып, адам ағзасында оның орны толады. Басқа елдердің тәжірибелеріне қарағанда, йодпен алдын алу шараларының пайдасы айтарлықтай зор болды.**

**Йодпен алдын алу шараларын екі әдіспен қолданады. Бірінші әдіс бойынша-жұртшылықтың бәрі жаппай, толық бағалы йодталған ас тұзымен қамтамасыз етіледі. Егер толық бағалы ас тұзын таза және құрғақ жерге йод ұшып кетпейтіндей жақсы ыдысқа сақтаса, бірнеше айларға дейін құны кетпей сақталады.**

**Екінші әдіс бойынша-йод профилактикасын жаппай қолданбайды, тек адамдардың кейбір бөлігіне ғана беріледі: апта сайын бір рет 1-2 миллиграмм йодты тұз беріледі.**

# Халықтық медицинамен емдеу:

1. Сондай-ақ бұл ауру түрін халықтық медицина жолымен емдеуге де болады. Жемсау ауруының алғашқы сатысында еменқабығы (кора дуба) шипа. Ол үшін 2 ас қасық емен қабығына 1 стакан қайнаған су құйып, 0,5-1 сағаттай тұндырып қояды. Содан соң тұнбаға бет орамалды сулап, тамақтың астына байлап тастайды. Бұл компресті түнімен қою керек. Осы емдік процедураны 2-3 апта бойына жасаса, ауру тәуірленіп қалады.

2. Сондай-ақ жас еменнің қабығымен мойын, қалқанша без маңын күнделікті сүртіп отырған пайдалы. Емен қабығын жіпке тізіп, бездің көлемі кішірейгенше мойынға тағып жүру керек.

3. Егер қалқанша безі ұлғайған болса, үккіштен өткізілген лимон мен қант немесе қант қабығымен қоса үгітілген апельсинді қосып, күніне 3 рет 1 шай қасықтан қабылдап отырса, ем болады.

4. Көктем мезгілінде цитрусты жемістерді көбірек жеген пайдалы. Әсіресе лимонға көбірек мән беріңіз. Оның құрамындағы цитрин мен С дәруменінің қосындысы қантамырлары түтікшелерінің беріктігін нығайтады. Цитрин сондай-ақ ағзадағы заталмасу процесін жақсартып түседі.

5. Асқабақ пен жуаны бірдей мөлшерде алып, үккіштен өткізіп, тамақтың астына дәкеге орап басып, түнімен қояды. Келесі күні сол жерге фольга басып таңып қояды. Осылай кезектестіріп 10 күндей жасаса, жемсауға жақсы көмектеседі.

# Қорытынды

Қоғамымыздың негізгі қазынасы-адам, ал адамның басты байлығы-денсаулығы. Дені сау азаматтар мен жас өспірім балалары бар мемлекеттің болашағы зор екені мәлім. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауында «Біздің аурумен күресудегі және денсаулықты нығайтудағы стратегиямыз-азаматтарды салауатты өмір салтына даярлау» деп атап көрсетілген. Ең бастысы салауатты өмір салтын көп болып қолға алуға тиіспіз. Міне сондықтан жергілікті жемсаудың алдын алу және бұл аурудың асқынбаған түрлерін йод препараттарымен емдеу адамзат баласының ауыр індеттен арылу дәуіріне жол ашты. Зерттеудің практикалық маңызы және қорытындысы. Осы жұмысымның нәтижелері оқушыларға реферат жұмыстары мен ғылыми жоба жазу барысында көмекші құрал бола алады деп есептеймін.